



Әлеуметтік саясаттың маңызы айрықша

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөнінде кеңес өтті.

Жиынға Премьер-Министр Аскар Мамин, Президент Әкімшілігінің Басшысы Бақытжан Сағынтаев, Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаев, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары – Қаржы министрі Әлихан Смайылов, Премьер-Министрдің орынбасары Гүлшара Әбдіқалықова, Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Дархан Қалетаев, Президенттің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшісі Тимур Сүлейменов, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев әділетті әлеуметтік саясаттың айрықша маңызы, әсіресе, ауыр жағдайға тап болған адамдармен қатынасты қалыптастыруда екенін атап өтті. Сондай-ақ, Қазақстан Президенті цифрлық платформаны қолдана отырып, бірінші әлеуметтік картаны кешіктірмей енгізу қажеттігін айтты.

Кеңес барысында Еңбек және әлеуметтік қорғау министрінің атаулы әлеуметтік көмек көрсету жағдайлары жөніндегі есебі тыңдалды.

– Осы маңызды салада халықтың жағдайын жақсартуға мүмкіндік беретін ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар, атаулы әлеуметтік көмек көрсету шаралары кезінде заң бұзушылықтар, тіпті, алаяқтық жолдар да анықталды. Бұл бюджет үшін жоспарланбаған шығын, – деп баяндады Бердібек Сапарбаев.

Жінін қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы аталған саладағы теріс әрекеттерді жою үшін Еңбек және әлеуметтік қорғау министріне атаулы әлеуметтік көмектің берілу тәртібін реттеу жөнінде шұғыл шаралар қабылдауды тапсырды, сондай-ақ, Президент Әкімшілігі мен Үкіметке бірқатар нақты тапсырма берді.



МӘСЕЛЕ/2
Дәрі ішем деп, дерт жамап...



АЛТЫН ТІН/3
Марал ишан



НАЗАР/6
Сақтықта қорлық жоқ



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

25 маусым /СЕЙСЕНБІ/ 2019 жыл



№93
(19771)

МӘЖІЛІС

Әр істе жауапкершілік бар

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен селекторлық мәжілісі өтті.

Мәжілісте алдымен бірқатар тағайындаулар таныстырылды.

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА.

Атап айтқанда, ҚР Қаржы министрінің бұйрығымен Рашид Темірбеков Қызылорда облысы экономикалық тергеу департаментінің басшысы болып тағайындалды. Әр жылдары прокуратура және мемлекеттік кірістер органдарында жауапты қызмет атқарған ол биылғы жылдың наурыз айынан бүгінгі күнге дейін Қаржы министрлігі қаржы мониторинг комитетінде басқарма басшысының орынбасары қызметін атқарған. Сондай-ақ, Қызылорда облысы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аймақтық даму бөлімінің басшысы қызметіне Ахмет Бердібек Әнуарбекулы тағайындалды.

Еңбек жолын 2000 жылы «Көлік қызметі» мекемесінің инженері болып бастаған. 2003-2007 жылдары Қызылорда қаласы әкімдігінде жауапты қызмет атқарып, 2007-2015 жылдары облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бөлім басшысы, облыс әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аймақтық даму бөлімінің бас инспекторы, 2015 жылдан бүгінгі күнге дейін облыстық ветеринария басқарма басшысының орынбасары қызметін атқарған.

Мәжілістің күн тәртібінде мұнан кейін ауыл шаруашылығындағы зиянкестермен күрес мәселесі



қаралды. Бұл орайда ҚР АШМ АӨК-дегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекция басшысы Еркебұлан Бекжанов баяндалды. Оның айтуынша, өңірде ерекше қауіпті шегіртке зиянкестеріне қарсы 121 471 гектар жерге химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Бүгінде қажетті химикаттар толықтай аудандарға жеткізіліп берілген. Тиісті техника да дайын. Сонымен қатар облыс аумағында қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету мақсатында арнайы жұмысшы тобы құрылған.

– Зиянкестерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары 7 маусымда басталды. Бүгінгі күні Жаңақорған,

Қармақшы аудандарында химиялық өңдеу жұмыстары толығымен аяқталды. Қалған аудандар бойынша 77 128 гектар жерге химиялық өңдеу жүргізілді. Аталған жұмыстар ішле айының алғашқы он күнінде аяқталады деп жоспарлануда, – деді ол.

Бұл мәселе бойынша облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Бахыт Жаханов та қосымша мәлімдеді. Оның айтуынша, биылғы жылға барлығы 74 184 гектар жерге химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып, жергілікті бюджеттен 91 млн теңге қаржы қаралған. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы дақылдарын күтіп-баптау және арашөптерге

қарсы өңдеу жұмыстарын жүргізу үшін 52,9 мың литр гербицид сатып алынған.

Сала басшылары зиянкестермен күрес шараларын жүргізуде ешқандай кедергі жоқ екенін айтты. Яғни, қаржы, техника толығымен шешімін тауып отыр.

Осы ретте облыс әкімі жұмыс жүргізуге ешқандай кедергі болмаса, нәтижесіне сала басшылары жауапты екенін еске салды.

Мәжілісте, сондай-ақ, ветеринария саласында атқарылып жатқан жұмыстар туралы облыстық ветеринария басқармасының басшысы Ерсұлтан Әпетов баяндады.

2-бет.

«СБ» ақпарат.

БІЛІМ СЫНАҒЫ



ҰБТ: Үшінші күн

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің базасында Ұлттық біріншілік тестілеу өтіп жатыр. «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК Қорқыт Ата атындағы ҚМУ филиалы басшысы Н.Нақыпбаеваның айтуынша, барлығы 2057 талапкер (1902 қазақ тілінде, 153 орыс тілінде, 2 ағылшын тілінде) қатысады. Оның ішінде көп-кезге бітіргендер – 441 (434 қазақ тілінде, 7 орыс тілінде), мектеп бітірушілер – 1616 (1468 қазақ тілінде, 146 орыс тілінде, 2 ағылшын тілінде).

Дәрісханалар бір ғимарат ішінде 1, 2, 3 және 5 қабаттарда орналасқан. Барлығы кондиционермен жабдықталған. Медициналық көмек көрсету бөлмесі дайындалған. Тестілеуге кіргізерде пайдаланатын 2 дана аркалы металл іздегіштер, арнайы ұялы байланысқа тосқауыл қоятын 15 құрал (глушитель) және 22 бейнебақылау камерасы іске қосылған. ҰБТ-ға дайындық мақсатында барлық техникалық құрал-жабдықтар талапқа сай жаңартылды.

Кеше ҰБТ-ның үшінші күнінде білім сынағына Сырдария ауданы және Қызылорда қаласынан 479 түлек қатысты.



ҚАБЫЛДАУ

Тұрғындар тілегі қағажу қалмайды



Төретам кенті мен Ақай ауылдық округі газбен қамтылатын болады. Бұл туралы облыс әкімі Қырымбек Көшербаев «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының қоғамдық қабылдауында айтты. Халықтың талап-тілегін арқалап келген Жақсылық Қыпшақбайұлы елді мекеннің көгілдір отынмен қамтылатынын естіп, аймақ басшысына өз ризашылығын білдірді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

– Қызылорда облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019-2022 жылдарға арналған Кешенді жоспарына сәйкес, Төретам және Ақай елді мекендерін газдандыру жобасының жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Қазір тиісті шаралар атқарылып жатыр. Кент пен ауылдық округке көгілдір отын жеткізілетін болады, – деді облыс басшысы.

Азаматтардың жеке мәселелері бойынша өткен қабылдауда бұдан бөлек бірқатар ұсыныс-пікірлер тыңдалды. Соның бірі қаладағы Н.Ерғешбаев көшесіндегі көпқабатты үйлердің ауласына балалар алаңын салу болатын. Бұл ретте қала әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов осы жылы жергілікті бюджеттен балалар ойын алаңын салуға 17 млн 500 мың теңге қаражат бөлінгенін, қазіргі таңда

жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізіліп жатқандығын айтты.

Ал, қызылжармалық Зибәгүл Айтбайқызы ауыл шетінде тұратындығын, онда аяқсу келмейтінін және сол №3 тұрғын аудан көшесін жарықпен қамтамасыз ету, жол мәселесін шешуге ықпал жасауын сұрады. Өз кезегінде облыс әкімі айтылған мәселені шешу мақсатында тиісті шара жасалатынын жеткізді.

Қабылдауда сондай-ақ, жалғызбасты ана Арайлым Бисемұратованың өтініші қаралды. Жосалылық келіншек оқу бітіргелі жұмысқа орналаса алмай жүр.

Бұл орайда Қармақшы ауданының әкімі С.Мақашов жас ананы әзірге қоғамдық негізде жұмысқа қабылдап, алдағы оқу жылында жұмыс қарастырылатындығын



сөз етті. Оған қоса дәл қазіргі уақытта ауданда Арайлым секілді «дене шынықтыру және спорт» мамандығын тамамдаған 11 маманның жұмыссыздық бойынша тіркеліп тұрғанын айта кетті.

Ал, Шнелі ауданының тұрғыны көпбалалы Индира Нұртаева 2003 жылы туған қызы Талшын Қасымбекованың басында ісік пайда болып, диагнозын жедел нақтылау үшін Нұр-Сұлтан қаласындағы «Ұлттық ғылыми Ана мен бала денсаулығы» орталығына баруға квота сұрады. Аймақ басшысы тез арада квота мәселесін шешілетінін айтып, көпбалалы ананы қуантты.

Осылайша қабылдауға келген өтініш иелері өз мәселелерінің шешімі табылғанына ризалық білдіріп қайтты.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Құрметті облыс тұрғындары!

Оқиғаларға байланысты Түркістан облысының Арыс қаласында Түркістан облысының Төтенше жағдайлар департаментінде «Шұғыл желі» жұмыс істейді. Тәулік бойы сізге қажетті ақпаратты 8/725-33-58-302 нөмірі бойынша ала аласыз. Сондай-ақ, Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаментінде де 8/7242/551099, 8/7242/244161, 8/7242/700325 нөмірі бойынша «Шұғыл желі» жұмыс істейді.

Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті.

ШАРУА ҚАМЫ

Егін – ел несібесі

Биыл облыс бойынша 183,8 мың гектарға егін егілді. Оның 96,9 мың гектары дөңді, 6,9 мың гектары майлы дақылдар. Ал малазықтық дақылдар 62,7 мың гектарды құрады. Сонымен қатар, картоп, көкөніс, бақша өнімдері 17,2 мың гектар жерге орналастырылды. Сыр салысы 87,3 мың гектарға егіліп, жалпы егілді. Осылайша облыс дикандары былтырғыдан 6,5 мың гектар жерге артық егін екті.

Өткен жылдары су жетіспеушілігі үлкен мәселе болғаны анық. Десе де, биылғы жағдай бақылауда тұр. 21 маусымдағы жағдай бойынша, «Шардара» су қоймасында 4,5 млрд текше метр су бар. Ал төменгі ағысқа секундына 300 текше метр су тасталады. «Көксарай» су реттегішінде 1 млрд текше метр су жиналып, дарияға секундына 400 текше метр су жіберіледі. Каналдар арқылы егістіктерге бағытталған су көлемі 640 текше метрге жеткен.

Бір айта кетерлігі, облыс бойынша егілген 3777 гектар күздік бидайдың 40 гектары жиналып, 80 тонна өнім алынды.

Қазіргі таңда егінді күтіп-баптау агротехникалық талаптарға сай жүзеге асуда. Бұл бағытта 54,6 мың тонна минералдық тыңайтқыш алынған. Сонымен қатар, гербицидтерге жалпы сұраныс 63,5 мың литрді құраса, бүгінгі күнге оның 57,7 мың (90,9%) литрі сатып алынып, күріш алқабын арашөпке қарсы өңдеу жұмыстары атқарылып келеді.

Малазықтық дақылдарға келсек, шаруашылық құрылымдары жоңышқа оруға кірісіп кетті. Күтімге алынған 41,6 мың гектар ескі жоңышканың 4,3 мың гектары тұқымға қалдырылып, 20,3 мың гектарына орақ түсті. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын тауып келеді.

«СБ» ақпарат.



ЖАҒЫРУ ЖОЛЫ

Марал ишан

Қазақта үш жүзге пір болған Мүсіралі сопы әзізден кейінгі діни қайраткер ретінде Марал ишанның аты белгілі. Ал, аңыз айтатын үш жүзге пір болған, жеті өлікке жан берген сопы әзіз Мүсіралінің «тоқсан түйе томардың үстінде күймей», хан кеңесіндегі пір сайлау сынағынан өткен кереметі тіпті бөлек әңгіме. Біз қозғалғы отырған Марал баба Құрманұлының Сыр өңірі, одан қалды, қазақ руханиятында айрықша орны бар. Бұл жолғы «Сыр медиа» ЖШС қызметкерлерінен жасақталған топ сапары Қармақшы жерінде болды. Қорқыт баба мәңгілік мекен тапқан өлкеден тұтас елге белгілі дарынды ұл-қыздың шыққаны аян. Киелі топыраққа қадам басып тұрып, әуелі дүние тылсымнан қобыз сарынына сыйғызған баба басына бардық. Қазақ философиясында ел бірлігін нығайтып, түркілер дүниетанымының негізін құрған ұлы ақылшы, философ-гуманист ретінде танылатын Қорқыт эпосының ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгенін бытыр сүйіншілегенбіз. Шоқан Уәлихановтың «Қорқыт – Шығыстың ең алғашқы бақсысы» деп бағалаған күй атасының араға сан ғасырларды салса да күйлері мен жырлары бүгінгі күннен өзектес, сарындас. Сонымен бірге, кез келген өнер туындысы әбден ескіліп, уақыт елегінен өткен соң, маңызы мен мәйегі ғана ел есінде қалатыны белгілі.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Кесене басынан көргеніміз

Аудан орталығынан 10 шақырым қашықтықтағы Марал ишан кесенесінің басы халық жиі келетін киелі орын. Біз таында қорымнан берірек тұрған тілеушана маңында үш-төрт шағын автобус пен жеңіл көліктер осы сөзімізге дәлел бола алады. Ал, 4-5 шақырымнан көрінетін қос ұйтамның бірі – Марал бабаның болса, 100 метрге жуық жатқан екіншісі – ұлы Қалқай ишанның

Шырақшы сөзінің жаны бар. Тарихи деректерді сөйлестек, әкесі Құрман Марал екі жасқа келген кезде қайтыс болған. Ал, бабаның ұстазы Ер Қалмұхамед (ел арасында Жалаңаяқ әззер деп те атаған, Созақ өңірінде өмір сүрген, есімі де әр намазын жалаңаяқ жүріп оқитын болған соң танылған). Марал ишан діни сауатты ғана емес, емшілік қасиеті зор тәуіп те болған. 1820 жылы бір рулы ел болып Сыр бойына келген деген дерек бар. Қостанай жерінде патшаның қысымына шыдай ал-



Марал ишан мазары.

лауық ана деген атаумен белгілі бір адамның қорымы Марал бабадан да ілгері уақытта пайда болған сияқты. Ел сөзіне құлақ салсақ, Қамыр ананың баласы мен күйеуі жау қолынан өліп, өзі жалғыз қалғанда Алладан жәрдем тілеп, зар жылап, «өлетін жерімді әулие қыл, басыма халық зияраттап келсін. Болмаса, қасым әулие кісі жатсын. Дұғасыз қалмайың»

оқыса, бұл институт бітіргенмен тең. Ал «Көкілташты» тауысса, бүгінгі магистратура деңгейіндегі біліммен тең деген сөз деп пікір айтылады.

«Бұған қоса қазақта «қырық молданың ілімі бір мақсұмда болады» деген де сөз бар. Енді қараныз, қырық мақсұмның білімі бір ахунға тең. Ал, қырық ахунның ілімі бір ишанда болады дейді. Сонда ең жоғары лауазым ишан болып келеді. Марал бабаның діни білімі мен оқу сауатын, қасиеті мен көргенділігін осыдан-ақ аңғара беруге болатын сияқты. Одан көтеріліп өз руына пір болып, одан білінің жүзіне пір болса, одан өзінің артса үш жүзге пір болған. Үш жүзге пір болу деңгейіне жеткен Мүсіралі мен Марал ишан ғана.

Айтпақшы, бір Қармақшының өзі үш әулиесімен белгілі. Киелі дейтініміз, бірінші бұл жерде Қорқыт баба жатыр. Екінші Қармақшы әулие тақуалықпен айналдырып, қармақ құрып, өз отбасы мен ауыл-аймақты асырап, әулиелік дәрежеге жеткен. Үшіншісі, өзімізге белгілі осы Марал ишан.

Баба ұрпақтары мен жолын жалғаушылар

Кесене маңынан көргеніміздей, Марал ишан кесенесінің басында оның ұлдары мен жолын жалғастырушы дін өкілдерінен бөлек, үш жүз руларының адамдары да қатар жатыр. Оның себебі де бар. Қазақ ұғымында «әулиенің саясында жатайын, шапағаты тиер» деп өлер алдында ұрпағына аманаттайтын бұрынғының адамдары көп болғаны белгілі. Марал баба кайтқан соң да, 130 жылға дейін мүрдесі бұзылмай жатқан. Өткен ғасырдың 70 жылдары бабаның ұрпағы Қауыс ишан ең соңғы рет кіріп, бабаның сақал-мұртын, тырнағын алып берген деген де аңызға бергісіз әңгіме бар.

Бабаның белінен тараған Қалқай (ұстазы Қалмұхамедтің құрметіне қойған), Қалыбай, Елібай, Пірзада, Текзада, Есмұханбет, Смайыл атты ұлдары болған. Смайыл жас күнінде қайтыс болған. Марал бабадан 33 ишан, 88 мақсұм дәріс алып шыққан. Баласы Қалқай ишан 1810 жылы дүниеге келіп, 1873 жылы 63 жасында қайтыс болған. Қазақтың көрнекті ғалымы Шоқан Уәлихановтың есімін қойған аруақты адам. 27 жыл Бағдатта ілім алып келген аса діни сауатты тұлға. Қалқай ишанның кесенесімен Түркістандағы Ахмет Яссауидің кесенесінде ұқсастық бар. Ел аузында бұл мазарды Ахмет Яссауидің кесенесін салған шебердің шәкірттерінің ұрпақтары тұрғызған деп те айтады. Қалқайдың кесенесін балалары әкесі Марал ишанның бейітінен де биік қып салған көрінеді. Бірақ,

ол үш рет тұрғызғанның өзінде қайта-қайта құлап түсіпті. Сонда Қалқай ишан өз ұлдарына аян беріп, «әкемнен биік тұрмасын. Құлаған күйі жата берсін» деп аян берген. Ал, осы Қалқай ишанның бейіті ішіне адам кірмейтін себебі, «Әкеме келген адам, менің үстіме кіріп келмесін. Менің дәрежем әкемнен бірдей болмауы керек, өзім әкемнен төмен болып қалуым керек» деп аманаттаған. Марал баба басына барып, кесене ішіне кірген зиярат етушілер баласы Қалқай ишанның басына барғанын, бейіті ішіне кірмейтіні де осыдан.

Өйткенмен, мұндағы ишандар мен ахундардың, қалпелдердің қатарына келсек, кей деректерде Марал бабадан тарайтын хәм дәріс алып, шәкірт болған 88 мақсұм, 33 ишанның да осында жерленгені туралы жиі айтылады. Өйткені, бір ғана Қалқай ишанның мазарының ішінде он алты адам жерленген және оның он бірі ишан болған көрінеді.

– Қауыс ишан, Оспан ишан,



Домалак ана қорымы.

Есенбай қалпе, Әмит ишан, ел аузында Сары ишан атанып кеткен Мұсайыпхан ишан, Пірзада ишан, Қалқай ишан, Аралбай ишан, Мамырбай ишан, Құлжұмыр баба тәрізді тұғыры биік тұлғалар жатыр осында. Қалқай ишанның қалпесінің бейітін жақында тауып алдық. Сенесіз бе, 7-8 жасар қыз бала тапты. Оны науқастанып жүр деп Ақтөбеден ата-анасы алып келген. Бабаның басына қонып жүрді. Кенет Қалқай ишанның мазарының алдында отырған екі-үш адамды орнынан тұрғызғы жіберіп, «арттарыңда ақ киімді ата қарап тұр. Құлпытасы мына жерде» деп бір жарым метр терендіктен қазырды. Сол құлыптаста «Өмірге келген адам өлімнің дәмін татады. Алланың берген аманатын өзіне қайтарды» деген жазу тұр. Оны да оқытын адам таппалдық, Меккеден келген кісі оқып берді, – делі Қалқай

Аңыз бен ақиқатты салыстырсақ...

Қармақшы жеріндегі «Қырық мешіт» деген атаумен қалған жерге денесі қойылған бабаның кесенесін Сыр бойы қазақтары тұрғызғаны рас. Сонымен қатар, атауы айтып тұрғандай, бұл жерде діни сауаттылықты арттыруда баба мен оның ұрпақтары мешіт пен медресені қонтып салыған. Жер атауы да соған сай жұрт аузында қалып отыр. Бұлай атау себебіміз, мешітте жұрт намазын оқып, Аллаға құлшылық игибадатын жасаса, екінші жағынан, жергілікті елдің балалары

күдіретімен сауықтырғаны хақында ұстаз-тарихшы Сәден Нұртайыпұлының «Ислам және Марал баба» кітабындағы деректер айғақтайды. Марал ишанның тағы бір қыры елді отырықшылыққа, егіншілік кәсібіне баулуға ұйымдастыру жұмыстарынан да танылады. Тіпті, баласы Қалқай ишан да осы әке кәсібін әрі қарай дамытқан. Демек, көшпелі тұрмыстың жан-жақты дамуын жетілдіру үшін әулие осы бағиаттағы озық өркениеттік жолын жұртымызға дарыту жұмыстарын жалыпқай жүргізген. Осындай ағартушылық бағыты ұстанған қайраткер тұлғалар мен діни-исламдық ілімді таратушылар халықтың тұрмысының да, дүниетанымының да жетілуіне, өсіп-өркендеуіне пайдалы ықпал ету жұмыстарымен айналысты.

Қызылорда-Қармақшы-Қызылорда Суреттерді түсірген Нұрболат НУРЖАУБАЙ.

кесенесі. Мұндағы ең шоктығы биік кесенелер осылар. Бұл екеуі ғана киелі жерлер картасына енген. Бұлардан бөлек мұнда көптеген ишандар мен мақсұмдар, ислам дінінің өкілдері де жатыр.

– Тізімге тек ескерткіштер ғана еніп тұр. Оның дұрыс емес жағы осы. Негізгі құндылық адам болуы керек. Қазақстанда әулиелер қорымы ең көп шоғырланған жер – Сыр бойы. Көбісінің мазары белгісіз немесе жай қорым ретінде ғана белгілі. Өкінішке орай, насихатталуы төмен. Көбіне, үлкен күмбезді кесенелер мен Маңғыстау, Ұлытау жақтағы ескерткіштер жөнінде көп қозғаймыз да, осындай атағы жер жарған, бірақ қорымы елеусіздей тұлғалар қалып қойып жатады, – дейді бізбен сапарлас болған белгілі ғалым Серікбай Қосанов.

Айтпақшы, біз жайғасқан мұндағы түнеушаның салыну тарихы бар. Марал бабаның мазарын екімаңғыны жылдар басында халық ақша жинап кірпішпен қаптамақшы болған. Бірақ құрылыс бітіп бір тылсымның әсерінен тарыдай шашылып түседі. Аруақ қарсы болған дейді халық. Ажал жоқ, әрі киелен қорыққан жұрт қанша кірпішті жарамсыз етпеу үшін зиярат еткен ағайында түнеушана салып берген. Басында көне түнеушана бір бөлмелі сарай болған, кейіннен жапсарлас етіп бөлме қосылды. Шапаршының жеке бөлмесі де сонда орналасқан. – Марал баба 1780 жылы дүниеге келген. Қостанайдағы Әулиеқолде тұған ол (бұрынғы аты Қайранқол) Кенжебай атты бақтырдың Құрман есімді ұлынан тарайды. Құрман Абылай ханның ақылшысы әрі емшісі болған деседі. Анасының аты Бибиатамы. Бұл анамыз қалмақ ханы Қалдан Цереннің екінші қызы болған. 1841 жылы қайтқан, сүйегі осы Сырда жатыр. Өмір сүрген уақытында Қостанай төңірегінде жеті мешіт ашса, осы Сыр жерінде 14 мешіт ашып, дінге уағыздап, имандылық нұрын шашқан тұлға ретінде дәріптеледі. Сол замандарда қазіргі бас мұфти дәрежесіндегі кісі болған. Руы Орта жүздің Керейі. 2005 жылы Марал ишанның 225 жылдығына үлкен ас берілді, – дейді баба шырақшысы Бекболат Молдашұлы.

май осылай ауған. Айтпақшы, Кенесары мен Марал ишанның шешелері апалы-сіңілі, яғни бұлар бөлек бөлек. Кенесары да орыспен соғыста жеңіліп, Сыр бойына табан тірегені тарихтан белгілі.

– Бабаның дүниеге салған жері өзі туып-өскен Қостанайдағы «Маралдың шілігі» деген жерде. Енді сүйегі неге Сыр бойында деген сұраққа келсек, оқу бітіріп келген Марал ишанға осы Қармақшы жерінен дарияның үстімен аттың шашасы ғана су болып өтіпті дейді. Бұл аңыз. Ал, аңызды әрі қарай сөйлестек, «дариядан өткенде алдынан ақ түйе көрінеді. Соның бірінші шөккен жері сенің мәңгілік жатар жайың. Бұл дүниеден көшкенде сонда барып жатасың» делінген. Қостанайда қайтыс болып, түйемен алты қонып, осында жерленуі де сондан дейді қариялар. Түйенің алты қонып келген жерінде «Түйе шөккен», «Қайыңды тоғай» деген жер атаулары кездеседі. Өзі анасының аманатын орындап, тұған жеріне келіп, ағайынын жинап, «мен үш күннен соң о дүниеге сапар шегемін. Сол кезде ақ жуып, арулап, он жасқа қойған соң бір ақ түйе келер. Мені сол түйеге артыңдар, Қамырдың қорымына сол түйе арпады» деген көрінеді. Бұрын Марал бабаға дейін бұл жерде көне қорымдар болған. Оны Қамыр ана қорымы деп атаған, – делі сөз арасында шырақшы Бекболат.

Иә, төрт есіммен, Қамыр ана, Домалак ана, Айша ана, Жұрт



Қалқай ишан кесенесі.

ТҮЙІН: Өңіріміздің киелі жерлерін сақтау мәселесінде қайта жаңғырту жұмыстарының маңызы зор. Облыстық бюджеттен соңғы жылдары Қорқыт ата ескерткіш кешені, Қалқай ишан кесенесі реставрациядан өтті. Марал ишан кесенесі де 2010 жылы ескерткіштердің тәуелсіздік рәсімделіп, мемлекеттің қорғауында екендігі жайлы қорғау тақтасы қойылды. Облыс әкімінің 2018 жылғы 25 мамырдағы №19 қаулысымен жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері ретінде мемлекеттік тізімге енген баба мазарына реставрациялау жұмыстары жүргізілді. Енді жерде, баба жайы бар мұраңыз тұтас елге ғылыми тұрғыдан таныту – кезек күттірмейтін жұмыс.

Ал, біздің киелі жерлерге сапардан жазбамыз әрі қарай жалғасатын болады.

СПОРТ

Өткен сенбіде шағын футболдан газ өндірісі саласында қажырлы еңбек етіп, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан Тимур Қожаниязовты еске алуға арналған турнир өтті.

«Қазтрансгаз» турнир жеңімпазы



Дәстүрлі турнирді облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов салтанатты түрде ашты. Сонымен қатар, шарада «Интергаз Орталық Азия» АҚ облыстық филиалы кәсіподақ комитетінің төрағасы Нұрсұлтан Назаров қатысушыларға сәттілік тіледі.

Биыл төртінші мәрте өткізіліп отырған теңбіл доп додасына 10 команда, 200-ден аса спортшы қатысты. Дүбірлі додада «ҚазТрансГаз» командасы жеңімпаз боп танылды, «ПетроҚазакстан Күмкөл Ресорсиз» компаниясы екінші орынды еншіледі. Ал облыс әкімдігінің командасы үздік үштіктің қатарынан табылды.

Сайыста сондай-ақ, облыс әкімдігі командасынан Әсет Өскенбаев «Үздік қақпашы» атанса, полиция департаменті командасы құрамындағы Уәлихан Дүйсенбі «Үздік қорғаушы» номинациясын иеленді. «Торғай Петролеум» командасынан Ғалымжан Мұханбетжан «Үздік шабуылшы» номинациясына қол жеткізді. «Үздік ойыншы» номинациясына «ПетроҚазакстан Күмкөл Ресорсиз» компаниясының Еркін Тобашев лайық деп танылды.

Рәпіп ТӨЛЕП,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың 3-курс студенті.



ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалалары аясында облыстық филармонияның Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар мен камералық оркестрі және «Сыр самалы» вокалды ансамблінің «Мәңгілік сарын» атты маусымдық жабылу концерті өтті.

Аймақ өнерпаздары концерт берді



Н.Бекежанов атындағы казак музыкалық драма театрында өткен кеште түрлі тақырыпта әндер шырқалып, ҚР Мемлекеттік академиялық симфониялық оркестрінің дирижері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мүсілім Әмзенин дирижерлік етуімен халық әндері мен елге белгілі композиторлардың шығармалары орындалды. Бұдан бөлек, Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі

мен «Сыр самалы» вокалды ансамблі кеш көркін қыздыра түсті. Сонымен қатар, «Астана Опера» опера және балет театрының солисті, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бибігүл Жанұзақ, «Құрмет» орденінің иегері Самал Байсейітова, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты Айдоос Иманжаппаров, Назерке Нұрадидина, Айдана Наукеева, Ақнұр Аманбаева, Бағдат Құ-

дайберенов, Ақберген Тоғанасова және т.б. өнер иелері жиылған көпшілікке ән мен биден шашу шашты.

Аймақ өнерпаздарының қала халқына арналған мерекелік концертіне көпшілік те риза. Ұйымдастырушылар мен өнер ұжымына ризашылықтарын білдіріп, естелік суретке түсті.

«СБ» ақпарат.

«Айгөлектің» таңы арайлы

Ә.Молдағұлова атындағы №173 орта мектеп жанында «Айгөлек» жазғы тынығу лагері мен «Балдәурен» ауда клубы жұмыс істеп тұр. Бұл күнде мұнда әрбір оқушының бос уақыты тиімді өтіп келеді. Бұл ретте ұстаздар қауымы да артылған міндеттің үдесінен шығуда.

Әр жыл сайын лагерде міндетті оқу курсы есебінен 60 оқушы демалыспен қамтылады. Одан бөлек, ауда клубындағы 8 үйірменің балалардың ойын дамытып, қиялдан ұшық етуде үлесі зор. Мұнда 240 оқушы тіркелген. «Шебер қолдар», «Спорттық ойындар», «Салауатты ұрпақ», «Жас суретшілер», «Жас өнерпаздар», «Логика әлемі», «Do you speak English», «Табиғат сыры»

үйірмелері тәрбиелік бағытта қызмет көрсетеді.

Сонымен қатар, табиғат аясында серуендеу, шығарма жазып, сурет салу тәрізді балалардың көңіл көкжиегін кеңейтіп, тұлғалық болмысын айқындайтын шаралар жиі өткізіліп тұрады. 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай ашылған тынығу лагерінде білім ошағының қамқоршылық қанатын жеткізіп тұрған Махамбетова бес баланың демалуына демеушілік жасады.

Мақина ИСКАКОВА,
Ә.Молдағұлова атындағы №173 орта мектеп директорының орынбасары.



АБАЙ БОЛЫҒЫЗ!



Сақтықта қорлық жоқ

Адам өмірі бәрінен қымбат. Өкінішке қарай, жаз айларында біздің аймақтың әртүрлі су айдындарында сұға кеткен балалардың саны ұдайы да, қайғылы оқиғалар орын алуда.

Қызылорда облысында 2017 жылы – 26 (оның ішінде 7 бала), өткен 2018 жылы – 22 (оның ішінде 8 бала) адам су айдындарында кайтыс болды. Жыл басынан бері 12 қайғылы оқиға тіркелген, оның ішінде 4-уі бала, олар орта мектеп оқушылары. Осыған байланысты Төтенше жағдайлар департаменті барлық ата-аналарға, тәрбиешілерге балаларды қараусыз су айдындарына, каналдарға, өзендер мен көлдерге жібермеуді ЕСКЕРТЕДІ.

Су – тілісі жау. Қайғының орын алатындығын алдын ала болжау мүмкін емес. Ересектер суда өзін-өзі ұстау ережелерін қатаң сақтауы тиіс.

Сіздің және балаларыңыздың өмірі өз қолыңызда екенін ұмытпаңыз!

Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаменті.

ЖАРНАМА



М.МӘМЕТОВА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ

талапкерлерді күндізгі оқу нисаны бойынша мемлекеттік тапсырыс және ақылы негізде білім алуға шақырады

010103 3-«Мектепке дейінгі ұйымдардың ағылшынша білімі бар тәрбиешісі» біліктілігі, оқу мерзімі: 9-сынып негізінде 3 жыл 10 ай (Тест: Қазақ әдебиеті, Қазақ тілі), 11-сынып негізінде 2 жыл 10 ай (Тест: Биология, Қазақ тілі, Қазақстан тарихы);

010508 3-«Ағылшынша білімі бар бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігі, оқу мерзімі: 9-сынып негізінде 3 жыл 10 ай (Тест: Математика, Қазақ тілі), 11-сынып негізінде 2 жыл 10 ай (Тест: Математика, Қазақ тілі, Қазақстан тарихы);

0104023-1- «Өндірістік оқыту шебері, тігін өндірісінің техник-технологы» біліктілігі, оқу мерзімі: 11-сынып негізінде 2 жыл 10 ай (Тест: Математика, Қазақ тілі, Қазақстан тарихы);

011000-«Негізгі орта білім беру» мамандықтары:

011102 3- «Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі» біліктілігі, оқу мерзімі: 9-сынып негізінде 3 жыл 10 ай (Тест: Орыс әдебиеті, Орыс тілі);

011109 3- «Информатика мұғалімі» біліктілігі, оқу мерзімі: 9-сынып негізінде 3 жыл 10 ай (Тест: Математика, Қазақ тілі);

011112 3- «Ағылшынша білімі бар физика пәні мұғалімі» біліктілігі, оқу мерзімі: 9-сынып негізінде 3 жыл 10 ай (Тест: Физика, Қазақ тілі);

011113 3- «Ағылшынша білімі бар математика пәні мұғалімі» біліктілігі, оқу мерзімі: 9-сынып

негізінде 3 жыл 10 ай (Тест: Математика, Қазақ тілі);

011101 3- «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» біліктілігі, оқу мерзімі: 9-сынып негізінде 3 жыл 10 ай (Тест: Қазақ әдебиеті, Қазақ тілі);

0108013-«Мектепке дейінгі және негізгі орта білім беру ұйымдарындағы музыка пәнінің мұғалімі» біліктілігі, оқу мерзімі: 9-сынып негізінде 3 жыл 10 ай (1 шығармашылық емтихан, Тест: Қазақ тілі);

0403013-1-«Педагог-мәдени демалыс ұйымдастырушысы, білім ұжымының жетекшісі» біліктілігі, оқу мерзімі: 9-сынып негізінде 3 жыл 10 ай (2 шығармашылық емтихан, Тест: Қазақ тілі);

010302 3-«Дене тәрбиесі және спорт пәнінің мұғалімі» біліктілігі, оқу мерзімі: 9-сынып негізінде 3 жыл 10 ай (1 шығармашылық емтихан, Тест: Қазақ тілі);

011108 3-«Шетел тілі мұғалімі» біліктілігі, оқу мерзімі: 9-сынып негізінде 3 жыл 10 ай (Тест: Шетел тілі, Қазақ тілі);

0511000-«Туризм (салалар бойынша)» мамандығы, 051102 2-«Саяхат жүргізушісі» біліктілігі, оқу мерзімі: 9-сынып негізінде 1 жыл 10 ай (Әңгімелесу);

0402013- «Дизайнер» біліктілігі, оқу мерзімі: 9-сынып негізінде 3 жыл 10 ай (Шығармашылық емтихан: Сурет және кескімдене, композиция. Тест: Қазақ тілі).

Сырттай оқу нисаны бойынша ақылы негізде білім алуға шақырады

010101 3-«Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» біліктілігі, оқу мерзімі: 11-сынып негізінде 2 жыл 10 ай; (Тест: Биология, Қазақ тілі, Қазақстан тарихы);

Талапкерлер келесі құжаттарды тапсырысқа жазатын түпнұсқасы

1. Өтініш
2. Білімі туралы құжаттың түпнұсқасы
3. 086-У формадағы медициналық анықтама (088-У нысаны бойынша I-II топтағы мүгедектер мен бала жасанан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы);
4. 3x4 сурет – 4 дана
5. Жеке куәлігі немесе туу туралы куәлік (салыстыру үшін).

Құжаттар 20-тамызға дейін, сырттай оқу бөліміне 20-қыркүйекке дейін қабылданады.

Түсу емтихандары күндізгі оқу нисанына 1-27 тамыз аралығында, арнаулы немесе шығармашылық емтихандар 21-28 шілде аралығында, сырттай оқу нисанына 1-тамыз бен 28-қыркүйек аралығында өткізіледі.

Колледж мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Қорқыт ата көшесі, №9 Телефондары: 26-12-90; Колледж сайты: manshuk.kz. Электронды поштасы: kyzhumcoll@mail.ru

ЖАРНАМА

МАГИСТРАТУРА МЕН ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШЫЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті магистратураға, докторантураға түсушілердің құжаттарын қабылдауды 2019 жылдың 03 шілдесі мен 25 шілдесі аралығында жүргізетінін хабарлайды.

Қабылдау комиссиясының мекен-жайы: 120014, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 66. Тел.: 23-53-92.

(ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінен 2012 жылдың 11 желтоқсанында №12019394 лицензиясын берген)

ЖАРНАМА

Темекі – ұлт саулығына төнген қауіп

Темекі тарту халық арасында кеңінен таралған зиянды әдеттердің бірі. Темекінің түтін зиянды және улы заттардың жиынтығынан тұрады. Темекінің құрамында адам денсаулығына аса зиянды химиялық улы заттар бар екендігі анықталған, соның ішінде ең қауіптісі – никотин. Ол темекі түтінімен ауызға, одан әрі тыныс жолдарымен өкпеге, адамның қанына сіңіп, адам ағзасын улайды. Темекі адам денсаулығына қауіптілігімен қатар, өзіне тәуелді ететін өнім және заңды түрде қолдануға болатын есірткі түрі. Шылым шегу зиянды әдет, оны тастау өте қиын. Адамдардың көбісі темекіге тәуелді екенін, бұл нашарлықтың бір түрі екенін жете түсіне бермейді. Дүниежүзі бойынша жыл сайын темекі шегу салдарынан төрт миллионға жуық адам жарық дүниеден қолтаңасыз өледі.

Темекі тартуға адамның денесі тез үйреніп, дағдыланып, одан арылу мүмкін емес жағдайға душар етеді. Темекі тартудың нәтижесінде адамдар жүрек-қан тамыр, асқазан-ішек, өкпе, тыныс жолдары ауруларының қатерлі ісіктеріне шалдығады. Адам баласын жаратқанда Алла тағала біздерге дене мүшелерімізді аманат еткен. Сондықтан оны темекі шегіп улауға хақымыз жоқ. Мүмкіндігімізше

дене мүшелерімізді күтіп-баптап, аман сақтап, таза жүргенге не жетсін?! Темекіге қарсы күрестің мемлекеттік саясатын жүргізуде халықаралық тәжірибе бойынша темекіге салық салып, оның бағасын қымбаттату ұсынылды. Соның өзінде қоғамымызда шылымқорлар азаймай отыр. Темекі – ұлт саулығына төнген қауіп. Сондықтан еліміздің әрбір саналы азаматы өз денсаулығын сақтау арқылы үлес қосуды пәрызым деп ұғынса екен. Жаман, жиркенішті әдеттерден бойын аулақ ұстап, салауатты өмір салтын ұстанып, дені сау, рухани дүниесі бай, ғылым-білімімен қаруланған, егеменді еліміздің өсіп-өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық дамуына, қазақ елінің мәңгілік болуына аянып еңбек ететін енесі биі азаматтарымыз көбейе берсін. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дегендей денсаулықтың қадірін білейік, ағайын.

Д.ЖОЛМАНОВ,
облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының дәрігері, ҚР-ның денсаулық сақтау ісінің үздігі.

ХАБАРЛАМА

«ПетроҚазакстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-55) «Оңтүстік Күмкөл кенішіндегі №53 ұңғымадан тартылатын аралық құбырды ауыстыру» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттама нысаны мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі берілді.

Анықтам алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

ХАБАРЛАМА

«ПетроҚазакстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-49) «Арысқұм-Жосалы СС-н 16» мұнайқұбырын және Жосалы МҚТ мұнай құю терминалын консервациялау» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттама нысаны мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі берілді.

Анықтам алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

Занды тұлғалардың кәсіпкерлердің назарына!

Қызылорда қаласында орналасқан мекемеміз баспалдақтарының бұрынғы кафельдерін алып тастап, жаңадан гранит баспалдақтар салу қызметі. Гранит, кафель, қажетті желімдері алынып қойылған. Гранит орнатылатын жалпы аумақ: 116 шаршы метр, кафель орнатылатын жалпы аумақ: 30 шаршы метр. Жұмыс бағасы келісілгеннен кейін келісім-шарт арқылы жүргізілетін болады.

Ақпарат алу телефоны: 87774519105.

«ВИРТУАЛДЫ ҚОЙМА» МОДУЛІНЕ ҚАТЫСТЫ ТАУАРЛАР САНАТТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті «Электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесінің «Виртуалды қойма» модулі арқылы электрондық шот-фактуралар жазып берілетін тауарлар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 23 сәуірідегі № 384 бұйрығына сәйкес «Виртуалды қойма» модулі мынадай тауар санаттарына:

- 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – автокөлік құралдарына, сондай-ақ ҚҚС бойынша бақылау шоттары қолданылған жағдайдағы тауарларға;

- 2019 жылғы 1 шілденен бастап – қант-қант шикізатына, тоназықшыларға, теледидарларға;

- 2019 жылғы 1 қазаннан бастап – шансорғыштарға, электрлі қыздырығын келерлеріне, фотоаппараттарға қолданылатынын хабарлайды.

«Виртуалды қойма» модулі арқылы электрондық шот-фактуралар жазып берілетін тауарлар тізбесі Комитеттің <http://kgd.gov.kz/tu/content/virtualnyy-sklad-1> порталында жарияланған.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Экспорттық бақылау басқармасы.

МАМАН ҚАЖЕТ

Кіріпші зауытына жұмысшылар қажет. Жалақысы 70 000 теңгеден жоғары.
Байланыс тел.: 87013359650, 87770582469.

(3-1)